«Затты тап» ойыны

Бала бөлемеге өзіне іздеуге қызық болатын заттарды тығып қояды: конфет, ойыншық. Мұғалім балаға сол затты табу үшін қанша қадам бұрылатынын айтады. Бала ересектің айтуы бойынша тығылған затты табуы керек.

«Рет-ретімен қоямыз»

1. Бала солдан оңға қарай 10 суреттерді қояды. 1-ананас, 2- алма, 3- өрік, 4- алмұрт, 5- қарбыз, 6- слива, 7- апельсин, 8- шие, 9-жүзім, 10-қауын.
2.Стрелкамен солдан оңға қарай жемістер мен көкөністерге бағыт береміз.
3.Мұғалім бір суретті алып, баладан оның алдында, одан кейін қандай жеміс тұрғанын сұрайды. Мысалы: алманың алдында не, артында не тұрды?

«Жұлдызқұрт» ойыны

Оқушыға сөздерді сиқырлап жұлдызқұртқа айналдыруды ұсынамыз. Құрттың денесіндегі әр шеңберге бір әріптен жазамыз. Оқушы сөзде неше әріп болса, сонша шеңбер салады. Бала бірінші сөздегі әріптер санын ойша санап алып, сосын қағазға түсіруі керек.



«Кірпияз суретші»

1. Мұғалім суретке түсіретін суретшінің рөлін ойнайды. Балаға ойыншықтарды отырғызуын сұрайды. Мысалы: қояның оң жағына қасқыр сол жағына түлкі. Суретші орындарын әр суретке ауыстырып түсіруін сұрайды.
2.Бала мен мұғалім орындарын ауысытрады. Мұғалім арасында қателесуі керек. Бала соны дұрыстауы керек.

«Көрсет және айт» ойыны

1.Мұғалім балаға бір парақты 4 бөлікке бөліп береді. Баладан осы бөліктердің 2 жоғарғысын, 2 төменгісін, 2 оң, сол жағын табуын сұрайды.
2.Осы бөліктерге мұғалім әр бұрышына сурет салады. Бала соны табуы керек. Мысалы: оң жақ бөліктің сол жағында қоян отыр.

«Пішіндерді сал»

1. Мұғалім балаға бір парақты 4 бөлікке бөліп береді. Баладан осы бөліктердің 2 жоғарғысын, 2 төменгісін, 2 оң, сол жағын табуын сұрайды.
2.Бала мұғалімнің айтуы бойынша әр бөлікке геометриялық фигуралар салады. Мысалы жоғарғы бөліктің оң жағына үшбұрыш оның сол жағына квадрат.
3. Балаға қағаздың ортасына үйдің суретін салуды сұраймыз. Үйдің артына қақпа саламыз, алдына орындық саламыз. Жанына гүлдер саламыз.

«Бұрын не болды?»

1. Мұғалім баладан бұрын одан кейін не болатынын еске түсіруін сұрайды. Не болмаса күнделікті күн тәртібін сұрайды.
2. Мен ұйықтаймын, мен тісімді тазартамын, мен сабаққа барамын, мен тамақ ішем, мен теледидар көрем- орнымен қойылсын.